

4. Орыс тілі аймағы – сөз байлығын кеңейтуге, әріптермен, фонетикамен танысуға, сөздерді құрастыру және жазу әрекеттерін түсінуге арналған.
5. Ғарыш аймағы – қоршаған әлеммен және адамның осы әлемдегі ролінің маңызымен танысуға, ботаника, зоология, анатомия, география, физика, астрономия негіздерін меңгеруге арналған.

Сабақтар өткізілетін **сыныптардың ерекшелігі** – мұнда балаларды шектейтін парталар жоқ. Қалауынша орнын ауыстырып қоюға болатын шағын үстелдер мен орындықтар ғана бар. Сондай-ақ кілемшелер бар, балалар оларды еденге жайып, қалаған жерлеріне отырады.



МОНТЕССОРИ ЖҮЙЕСІ

Бүгінгі күні Монтессори педагогикасы – әлемде сұранысқа жоғары дамыту әдістемелерінің бірі, бұл әдістеде еркіндік пен тәртіп, еліктіргіш ойын мен маңызды жұмыс үйлесімін тапқан. Монтессори педагогикалық жүйесі – дидактикалық дайындалған ортада баланың өз бетінше дамуына жағдай жасау жүйесі. Монтессори жүйесі 100 жылдан астам қолданылып келеді. Бағдарлама жаңа туған сәбиден 12 жастағы балаға дейінгі балаларға арналған (бала бақшаларда 1-6 жастағы балалар үшін қолданылады).

ӘДІСТІҢ МӘНІСІ

Кішкентай балалардың ӨЗІН-ӨЗІ тәрбиелеуіне және ӨЗІН-ӨЗІ дамытуына бағытталған бірегей жүйеде дербестікті тәрбиелеуге, сезімдерді (көру, есту, иіскеу, дәм сезу және т.б.) және ұсақ моториканы дамытуға көп көңіл бөлінеді. Бұл жүйеде оқытудың бірыңғай талаптары мен бағдарламалары жоқ. Әр бала өзінше жеке жұмыс істейді және қызығушылық танытқан ісімен ғана айналысады. Тек өз-өзімен ғана «жарыса» отырып, бала өз күшіне деген сенімділікке ие болады және оқығанның барлығын толықтай меңгереді.

Монтессори жүйесінің басты принципі – **«Маған өз бетімше істеуге көмектес!»**. Яғни ересек әр балаға жеке даму жолын табуға және табиғи қабілеттерін ашуға көмектеседі. Монтессори жүйесі бойынша оқытылатын балалар терең және жан-жақты білім алуға құмар және ашық болып өседі.

ЖҮЙЕ КЕЛЕСІ ЕРЕЖЕЛЕРГЕ НЕГІЗДЕЛГЕН:

- Бала белсенді. Ересек – тәлімгер емес, көмекші.
- Бала – өз-өзіне мұғалім. Ол таңдау мен әрекет етудің толық еркіндігіне ие.
- Балалар балаларды үйретеді. Топтарда әр түрлі жастағы балалар оқиды, сондықтан үлкен балалар мұғалімдер ролін атқарады, бұл кезде қасындағыларға қамқор болуды үйренеді, ал кішілері үлкендеріне еліктейді.
- Балалар өз бетінше шешімдер қабылдайды.
- Сабақтар арнайы дайындалған ортада өтеді.
- Баланы қызықтырып қойса, ол өзі дамиды.
- Әрекет ету, ойлау, сезіну еркіндігінің арқасында бала өзін-өзі толық-қанды дамытады.
- Табиғатқа қарсы тұрмай, балаға берген қасиеттерді дамыту арқылы баланың тума тұлғасын қалыптастыруға болады.
- Балаларға тыйым салмау, сынамау, бұйырып сөйлемеу – құрметтің белгісі.
 - Бала қателесіп, өз ақылымен өзі жетуге құқылы.

Дамытатын орта – балаға ересектің бағып-қағуынсыз қадамдап даму және тәуелсіз болу мүмкіндігін беретін дайындалған орта. Айналадағы әлемді меңгеруге және танып білуге деген балалардың ішкі құштарлығы зор. Әр бала жаратылысынан барлығын түртіп көруге, иіскеп, дәмін көруге ұмтылады, себебі баланың сана-сезімі абстрактілі емес, тану үрдісі сезім органдары (көру, есту, иіс, дәм және т.б.) арқылы жүреді.

СӨРЕЛЕРДІ ОРНАЛАСТЫРУ АРҚЫЛЫ ОРТА КЕЛЕСІ 5 АЙМАҚҚА БӨЛІНЕДІ:

- 1.** Күнделікті өмірдегі жаттығуларға арналған аймақ – баланың өзін және заттарын күтіп үйренуіне негіз болатын материалдар, яғни күнделікті өмірде қажетті заттар (қол жууға, шыттарды жууға, аяқ киімді тазалауға, бауларды байлауға, сыдырма ілгекті тағуға, үтіктеуге, үстел жасауға, ыдыс жууға, еденді сыпыруға және т.б. қажетті заттар).
- 2.** Сенсорлық тәрбиелеу аймағы – сезім органдарын дамытуға және өткір етуге, шамаларды, мөлшерлерді, пішіндерді және т.с.с. зерттеуге арналған.
- 3.** Математикалық аймақ – ретпен есептеуді, цифрларды, сандардың құрамын, қосуды, шегеруді, көбейтуді, бөлуді түсінуге арналған.